

Г.Б. Сағанаева¹, Б.К. Исина^{2*}

¹Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан;

²Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, Isina_B@krg.nis.edu.kz)

Тілдік құзыреттілікті арттыруда оқыту кейстерін жобалау әдісімен кіріктіре қолдану

Мақалада оқыту кейстерін жобалау әдісімен кіріктіру негізінде құрылған қолданбалы жаттығулар арқылы оқушылардың қазақ тілі сабағында әртүрлі мәтіндердің моделін құрастыру арқылы ауызша және жазбаша тіл мәдениетін жетілдіріп, тілдік құзыреттілігін арттыру, зерттеушілік және жобалау дағдыларын дамыту туралы зерттеу жасалған. Оқушылардың ғылыми стильде сараптама жасау дағдыларын жетілдіруде қолданылған тілдік бірліктердің мәнмәтіндегі мағынасы терең пайымдалады. Лингвистикалық аспектілерді сауатты талдау жасау арқылы әдеби тілдің лексикалық, орфографиялық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгерту жолдарын қарастырған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесіндегі қазақ тілін оқытудағы прагмалингвистикалық, прагмастилистикалық талдаулардың ерекшеліктерін таныту жолдары қамтылған. Білім алушылар стиль түрін дәлелдейтін тиімді ақпаратты іріктей отырып, мәнмәтіннің түпкі идеялық негізімен байланыста ашады. Стильдің мақсатты қолданыстарын анықтайды және оқырман ретіндегі өзінің қабылдауын, түсінуін және түйсінуін, сезім сипатына әсерін қоса қарастыратын оқу тапсырмалары, оны орындау сипаттамалары мен талаптарына бағыт-бағдар сілтейтін дескрипторлар ұсынылған. Бұл бағытта жүргізілген іс-әрекеттегі зерттеу жұмысы және оның нәтижелері сараланып, оқыту барысында қолданылған оқыту кейстерінің ерекшеліктері мен оқу-әдістемелік құралдардың кешенін әзірлеуде жобалау әдісін негізге алу қадамдары сараланады. Оқушылардың алдына мақсат қоюы мен оны орындау барысындағы әрекеттік қадамдарына бағыт-бағдар беру, нұсқаулықтар мен өзін-өзі бағалау және өзара бағалау парақтарының мазмұны оқытуды жүйелі түрде нәтижеге бағыттап ұйымдастыру әдістемесі ретінде тұтастай түсінік береді. Қазақ тілі сабағында оқушының ойын қолдау үшін әртүрлі жанрдағы мәтіндерден ақпарат алып, жаңа жанрда өңдеп жазу дағдысын жетілдіру бойынша ұсынылатын оқу тапсырмалары мен шығармашылық бағыттағы оқу тапсырмаларын құрастырудағы маңыздылықтар көрсетіліп, оқушы дәптерлерінің тиімділік дейгейлері бағаланып, сауалнама нәтижелері сараланған. Іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша ұсыныстар жасалып, қазақ тілі сабағын нәтижеге бағыттап оқытуда оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру үшін жүйелі оқыту кейстерін түрлі әдістерді жобалау әдісімен және «Үлгілеу», «Ойша тәжірибе», «Сипаттау» әдістерімен, «Скаффолдинг» әдістерімен үйлесімділікте, өзара сабақтастықта кіріктіре қолдану тәжірибесінің тиімділігіне баға берілген. Сонымен бірге зерттеу барысында ұсынылған оқу тапсырмалары оқушылардың сыни ойлау, талдау және дәлелдеу қабілеттерін жүйелі түрде дамытуға ықпал ететіні анықталды. Қолданылған әдіс-тәсіл оқушының тілдік білімін нақты коммуникативтік жағдаяттарда қолдана алуына мүмкіндік беріп, оқу үдерісінің өмірмен байланысын күшейтеді. Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған тиімді тәжірибе екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: стиль, жанр, модель құрастыру, зерттеушілік-жобалау дағдысы, дамыту.

Kipicne

Тұлғаның мәселені шешудегі әрекетшілдігі, табысты болуы зор маңыздылыққа ие. Бұл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жағдайында айтылым және жазылым кезінде оқушылардың жаңа ақпаратты жобалайды. Сонымен қатар кез келген стильдегі жазылым жұмыстарын орындай алуы, құрастыра алу әрекеті мен жасалған үлгіні бағалап, салыстырып, негіздей алу дағдыларын игеруді, ойын жүйелі жеткізуді талап етеді. Білім беру процесіне біріктіру, оқыту мен автоматтандыру тапсырмаларын жекелендіру құралдарын ұсына отырып оқу процесін оңтайландырудың жаңа көкжиектерін ашады [1].

Мақаланың басты мақсаты — оқыту кейстерін жобалау әдісімен кіріктіру негізінде құрылған жаттығулар арқылы оқушылардың әртүрлі стиль мен жанрдағы мәтіндерді модельдеу дағдыларын

* Хат-хабар үшін автор.e-mail: Isina_B@krg.nis.edu.kz

калыптастыру. Сонымен қатар ауызша-жазбаша тіл мәдениетін жетілдіру, тілдік құзыреттілігін арттыру және жобалау қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік жүйені негіздеу.

Міндеттері:

- қазақ тілін оқытуда оқыту кейстерін жобалау әдісімен кіріктірудің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау;
- әртүрлі стиль мен жанрдағы мәтіндерді модельдеуге бағытталған қолданбалы жаттығулар жүйесін әзірлеу;
- оқушылардың мәтінді ғылыми-стильдік тұрғыдан талдау, сараптау және қайта құрастыру дағдыларын қалыптастыру жолдарын көрсету;
- «Үлгілеу», «Ойша тәжірибе», «Сипаттау», «Скаффолдинг» әдістерін кіріктіре қолданудың тиімділігін анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы — қазақ тілін оқытуда оқыту кейстерін жобалау әдісімен кешенді түрде кіріктіре қолданудың біртұтас әдістемелік жүйесінің ұсынылуында. Сонымен қатар мәтінді стильдік тұрғыдан талдау, жанрлық трансформация жасау және ғылыми сараптама дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі, дескрипторлар мен бағалау құралдары нақтыланып, олардың тиімділігі іс-әрекеттегі зерттеу нәтижелері арқылы дәлелденуімен сипатталады.

Осы орайда 10-сынып оқушыларының «оқылым және мәтінді талдау» тапсырмаларын орындауын деңгейін саралағанда, екі мәтінді салыстырып талдауда оқушылардың мәтінді интерпретациялай отырып, автордың идеясын танытатын тілдік бірліктердің мақсатты қолданысын айқындауда, мәтіндерден ақпаратты ала отырып, жаңа жанрды негіздеуде біршама олқылық байқалды. Алдымен, оқушылар түрлі стиль мен жанрларды терең меңгеруі үшін тапсырмалар жүйесін мақсатты түрде өзара сабақтастықта қарастыру қажет болды. Бұл қиындықтарды еңсеру үшін оқыту үрдісін ұйымдастыруда проблемалық оқыту әдістерін өзара сабақтастықта қарастыру, яғни оқыту кейстері мен жобалау әдісін кіріктіре қолдану көзделді. Осы бағытта «Оқыту кейстері мен жобалау әдісін кіріктіру арқылы стилі мен жанры әртүрлі мәтіндердің моделін құрастыру дағдыларын дамыту» деген кәсіби даму мақсатында зерттеу жұмысы жүргізіліп, осы зерттеу аясында оқу-әдістемелік құралдар әзірленді. «Оқыту кейстері мен жобалау әдісін өзге әдістермен кіріктіре қолдану 10 «А» сынып оқушыларының стилі мен жанры әртүрлі мәтіндердің моделін құрастыру дағдыларын дамытуға қалай әсер етеді?» [2; 28] деген зерттеу сұрағы негізделді. Қ. Бітібаева әдебиетті оқытуда ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасын ұстаным еткені белгілі [3; 152]. Зерттеуге эмпирикалық әдістің дискретті бақылап-зерттеу түрі таңдалды, өйткені сыныптың нәтижелі дайындығын қамтамасыз ету жыл бойында жүргізілмек. Сонымен қатар сұрақ-жауап әдісінің әңгіме-сұқбат түрін қолдану арқылы оқу жылы бойында оқушылардың меңгеруге тиісті түрлі жанрдағы жазылым дағдыларын жетілдірудегі қажеттіліктер мен толықтыруларға түзетулер енгізу, қайта жоспарлау үшін бақылау жүргізу тиімді болады деп болжанды.

Түрлі жанрдағы мәтіндерді модельдеу дегеніміз, оқу үдерісінде әртүрлі жанрлық ерекшеліктерге (әңгіме, эссе, мақала, пікір, баяндама, нұсқаулық, т.б.) тән құрылымдық, мазмұндық және тілдік белгілерді теориялық тұрғыда жүйелеп, сол негізде модель құру және оны практикада мәтін құрастыруда қолдану үрдісі. Мақала көлемінде модельдеу — оқушыларға дайын құрылымдық үлгі ұсына отырып, олардың мәтін құрастыру, талдау және трансформациялау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс. Бұл әдіс нәтижесінде білім алушылар жанр табиғатын саналы меңгеріп, әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарға сай мәтін құрастыра алады.

Белгілі бір бөлім бойынша қолданбалы жаттығуларға негізделген оқыту кейстері оқушының пән жағдайында түрлі жанрдағы мәтіндерді модельдеуінде, егжей-тегжейлі талдау арқылы қажетті шешім қабылдауында, күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып, талдап, келесі қадамдардағы іс-әрекетте қолдану аясын айқындауда неғұрлым тиімді әдіс ретінде таңдалып, оған жобалау әдісі кіріктірілді [4; 27]. «Жобалаудың тұжырымдамалық деңгейі жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады. Келесі деңгейлердегі осыған ұқсас өнімдерді құрастырудың әдіснамалық негізі бола алады» [5; 56] деп аталып өтілгендей, оқушылардың түрлі жанрдағы мәтіндердің модельдерін құрастыру дағдысын арттыруда белгілі бір алгоритмдерді ұсына отырып, бағыттау олардың өз өнімдерін ұсынуына түрткі болады. Бұл өз кезегінде «Белгілі бір объектінің болашақтағы бейнесін алдын ала құрастыру үрдісі» [5; 56] ретінде «Жобалауды дайындау және құрастыру кәсіби мәдениеттерде пайда болған таңбалар түрлері – теориялар, модельдер, түсініктер, ұғымдар, формулалар мен алгоритмдер негізінде жасалады» [5; 56] деген пайымдауларға

да негізделді. Осы бағытта кейс технологиясын зерттеушілер: Джон Дьюи [6], Л. Барис [7], А.И. Наумова [8], Б.К. Исина, Г.Б. Сағанаеваның «Қазақ тілі сабағында мәтін талдау дағдыларын дамыту» [9], М.С. Керимбаеваның [10] еңбектері; С.М. Бахишеваның «Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы» оқулығы; Н.О. Қойлық, С.М. Каупенбаеваның «Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі» [11] әдістемелік нұсқаулықтары сараланды. Осы әдістемелер негізінде басты назар оқушылардың ұсынылған жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, жүйелі сегіз кезеңдік талдауға негізделіп [11; 17] жүргізілуі ескерілді. Проблемалық оқытудың тиімділігін саралағанда «Проблемалық оқытудың оңтайлы жүйесін құру, оқу және әдістемелік құралдар мен басшылықтарды құру» [11; 17] деп атап көрсеткендей, оқу құралдары, оқушының жұмыс дәптерлері әзірленеді. Жеке тұлғалық қабілет тек жеке ой-толғаныс, өзіндік әрекетті саралау арқылы жүзеге асатындықтан, тапсырмалар жүйесін, кешенін құруда жағдаятты, ретроспективті және перспективалық рефлексияға жетелейтіндей өзіндік бағалау мен өзіндік әрекетті ұтымды талдауға айырықша мән берілді. Әсіресе «Перспективті рефлексия алдағы қызмет туралы, оның жүру барысын білуі, жоспарлау, болашақта құрылымдауға ең тиімді әдістерді таңдай білу ой-толғанысын қамтиды» [12]. Осы негізде әр тапсырманың ерекшелігіне сай стиль мен жанрды терең меңгертетін өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беретін бағалау парақтары ұсынылып, жазылым/айтылым жұмысын бұдан әрі жетілдіру жолдары қарастырылды. Сондай-ақ кейс трансформациялау жолы ретінде ұтымды болғандықтан, оқу тапсырмаларын құрастыруда бір жанрды екінші жанрға айналдыру, ақпаратты іріктеу негізінде жаңа жанрда ұсыну жақтарын да жетілдіруге көмектеседі деп болжанды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің мақсатына сай әртүрлі мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшеліктерін құрылымы мен тілдік қолданыстарын саралап талдауға жаттықтыру негізінде оқушылардың ғылыми тілді меңгеруі мен зерттеушілік дағдыларын арттыруы, ақпаратты өңдей алуы, жоспарлай алуы және оның нәтижесін түрлі стиль мен жанрда ұсына алу біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталған әдістер таңдалды. Мақалада теориялық, әлеуметтік-психологиялық, экспериментальды-эмпирикалық, әдіснамалық, бақылау әдістері қолданылды.

Қазіргі тілдік білім беру практикасында оқыту кейстерін жобалау әдісі (Case-Based Learning, CBL) тілдік құзыреттілікті арттыруда тиімді құрал ретінде танылып отыр. Agustina және Ro'isatin [13] зерттеулерінде CBL әдісі оқушылардың сыни ойлау және оқу түсіну дағдыларын дамытуға ықпал ететіні дәлелденген. Бұл әдіс арқылы шетел тілін үйренушілердің мәтінмен жұмыс жасау қабілеттері артқаны байқалған. Шетелдік ғалымдардың осы бағыттағы еңбектері сараланды. Атап айтсақ: Dharmayanti Putu [14] CBL әдісін тіл оқытуда қолданудың артықшылықтарын, ImageRika et al. [15] зерттеуі CBL әдісін ағылшын тілін оқытудағы жазу тапсырмаларына енгізудің тиімділігін, Siregar, Husein және Putra [16] зерттеуінде аударма курстарында кейс-әдісті қолдануды, Silitubun, Mustaji және Dewi [17] CBL әдісі оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға оң әсер ететінін айтқан. CBL әдісінің білім алушылардың қабылдау қабілетін дамытудағы тиімділігін Exploring Perceptions of the Case-Based Learning Model [18] зерттеуі де растайды. Бұл жұмыс оқушылардың кең ауқымды мәтіндерді талдап, өз пікірін қалыптастырып, оны дәлелдей алуына мүмкіндік беретінін көрсетті. Case Method as Means of Forming Intercultural Competence [19] зерттеуінде CBL әдісі тілдік құзыреттілікпен қатар мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға да үлес қосатыны атап өтілген.

2024 жылғы «The Effectiveness of Case-Based Learning to Improve Collaboration and Communication Skills of Students» деген зерттеу оқушылардың топтық жұмыс және коммуникация дағдыларын арттыруда CBL әдісінің тиімділігін анықтаса, «Case-study of Foreign Language Learning» [20] зерттеуінде CBL әдісінің шет тілін меңгеруде логикалық ойлау, тілдік дәлдік және мәтіндік түсінуді жетілдіруге септесетіні көрсетілген. ECML әдістемелік материалында CBL әдісін енгізу тәжірибесі арқылы тіл мұғалімдері оқушылардың тілдік әрекеттерін нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып дамытуға мүмкіндік алады (Teacher training modules on the use of case studies in language teaching, ECML) [21]. Зерттеу жұмысы іс-әрекеттегі зерттеу (action research) әдіснамасына негізделіп жүргізілді. Зерттеу базасы ретінде мектептің 11-сынып оқушылары алынды. Зерттеуге барлығы 23 оқушы қатысты, олар мақсатты іріктеу әдісі арқылы таңдалды.

Зерттеу дизайны үш негізгі кезеңді қамтиды:

Бірінші диагностикалық кезеңде оқушылардың бастапқы тілдік құзыреттілігі мен мәтін талдау дағдылары анықталды. Содан соң қалыптастырушы кезеңде оқыту кейстері жобалау әдісімен

кіріктіріліп, арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесі (мәтінді стильдік талдау, жанрлық трансформация, ғылыми сараптама) оқу үдерісіне енгізілді. Қорытынды кезеңде оқыту нәтижелері бағаланып, тиімділігі сараланды.

Нәтижелер мен оларды талдау

Оқыту кейстеріндегі әр тапсырманы бір жоба ретінде қарастыратын болсақ, оқушы екі мәтінді салыстырып талдау жағдайында алдына мақсат қоя отырып, ғылыми тілді меңгергенін танытып, тіл теориясын қоса отырып, жүйелі талдау жасауы қажет. Оқушыларға талдау үшін ұсынылатын екі мәтін бір тақырып аясында болғанымен, көтеріліп отырған мәселеге екі түрлі көзқарас тұрғысынан ой-пікір қайшылығын туғызатындай сипатта, яғни тіпті екі түрлі стильде, кейде бір стильдің екі түрлі жанрында күрделі талдау жұмысын жазып шығу ұсынылады. Бұл оқушылардың белгілі бір тақырыптар аясындағы кереғар көзқарастардың түпкі мәнін түсінуін ғана туғызып қоймай, сөздік қорының толығына, тілдік амалдардың сан алуан қырларын терең меңгеруге жетелейді. Әрине, бұл интерпертация жасаумен ерекшеленеді. Интерпретация жасау оқушының қабылдауы мен түсіну деңгейін көрсететін ең маңызды әрекет десек болады. Бұл туралы «Интерпретация көркем шығарманың осы концептуалдық мазмұнын түсінуге жетелейді. Концептуалдық мән, концептуалдық мазмұн дегеніміз не? Ол неден көрініс табады? Ол көркем шығармадағы экстралингвистикалық, яғни, прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлардың бірлігінен, олардың біте қабысып көркем мәтін түзуінен туындайды. Ал оларды қабылдау мен түсіну жолы — интерпретация» [22; 199] делінген, яғни оқушы мәтінді қаншалықты түсінгенін өңдеуден өткізе отырып, сауатты талдау үшін тіл теориясы мен әдебиет теориясынан білетінін енгізе отырып, автордың түпкі ойын терең пайымдағанын жеткізуі керек. Интерпретация жасап отырған сөз немесе сөз тіркесінің мәнмәтіндегі көрінісін түсіндіру барысында оны қайталамай, сөздік қорының мол екендігін танытып, сөздің синонимдік қатарын қолдана отырып, прагматикалық тұрғыда өзінің оқырман ретінде қабылдауын, яғни қатынасын да танытады. Бұл оқырман ретіндегі қатынасын білдіру арқылы «Интерпретация ажырамас үш компоненттің басын біріктіріп жатуы тиіс: автор және оның ішкі әлемі — мәтін — оқырман-интерпретатор және оның өз ішкі әлемі туралы түсінігі. Осы үштік одақ адекватты интерпретацияның қалыптасуының кепілі бола алады. Осылайша мәтін интерпретациясы бір жағынан оқырманның өз ішкі әлемі мен екінші жағынан «автордың жиынтық әлемінен» түзілген «әлемнің менталды моделін» құрауы тиіс [23; 42]. Ендеше оқушының мәтіндерге жүргізіп отырған салыстырмалы талдауы, яғни В.В. Гетмань пайымдауы бойынша айтқанда оқушы құрып отырған «ментальді модель» оқушының сөздің мағынасын терең пайымдау деңгейін танытатын көрсеткіш те болмақ. Осы талдау аясында оқушы ғылыми стильді меңгергенін танытып, сауатты түрде ойын жеткізе отырып, өзінің қабылдауын, мәтінді талдаудағы тек сөздің мағынасы аясынан тыс, мәтіннің синтаксистік аспектісін, мәтіндік құрылымын, автор үнін қоса зерделеп, толыққанды талдау жасайды. Екі мәтінді салыстырып талдау тапсырмасы төмендегідей сипатта ұсынылады. Тапсырма: Екі мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилінің формасын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптаңыз. Тапсырмаларды орындағанда, тілдің сапасы мен тазалығына назар аударыңыз. Бірінші мәтін — «Құқықтық мемлекет» тақырыбында уикипедиядан алынған ғылыми дерек, ал екіншісі Тұрсын Жұртбайдың «Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы» мақаласынан ықшамдалып алынған [23; 27]. Мәтіндерді кешенді салыстырмалы талдауға критерийлер берілді: бірнеше мәтіннің мазмұны негізінде жоғары дәрежелі сұрақтарды құрастыра отырып, мазмұндық, идеялық, құрылымдық байланысты анықтау деп алынды. Осы критерийлерге байланысты дескрипторлар белгіленді. Атап айтсақ:

- мәтіннің тақырыбы мен формасына қатысты 2 ұқсастығын анықтайды; мәтіннің түрін анықтап, дәлелдейді;
- мәтіннің стилі мен жанрын анықтап, себебін дәлелдейді;
- мәтіндердің стильдік ерекшелігін ескере отырып, лексикалық аспектісін (2) мысал іріктеп, оның мақсатты қолданысын талдайды;
- эмоционалды-экспрессивті (2) сөзді анықтап, мақсатты қолданысын талдайды;
- морфологиялық ерекшелігін (2) анықтап, мақсатты қолданысын талдайды;
- мәтіндік құрылымының 3 аспектісін және автор үнін талдайды, синтаксистік (2) ерекшелігін талдайды.

Оқушы салыстырмалы анализ жасау барысында нақты ұсынылған алгоритм бойынша жұмыс жасағанымен, таңдалған мәтіндердің стильдік және жанрлық ерекшелігін нақты таба отырып, оны

дәлелдеу барысында мәтінді талдаудың жан-жақты аспектісін терең меңгергенін таныта алуы керек. Ол төмендегідей талдау алгоритмі негізінде жүзеге асады.

Қолданбалы жаттығуларға негізделіп құрылған оқушы дәптерінде осы іспеттес сұрақтар мен тапсырмалар және оларды тиімді жүзеге асыратын қосымшалар қамтылды. Сонымен қатар жағдаятты, ретроспективті және перспективалық рефлексия түрлері мен кері байланысты тиімді жүзеге асыруға көмектесетін бағалау критерийлері мен дескрипторларға негізделген «Өзара тексеру», «Өзін-өзі бағалау» парақтары да енгізілді (1-кесте).

1 - кесте

Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау парағы

Бағалау критерийлері	Талдау аспектілері
Екі мәтіннің ортақ ұқсастықтарын анықтайды.	Мәтіндердің тақырып, мәселе, мазмұн, т.б жағынан ұқсастықтарын анықтайды; Екі мәтіннің формасын анықтайды.
Екі мәтіннің түрі, формасы, мазмұны, мақсаты, көзделген аудиториясы мен стилін анықтайды	Екі мәтіннің түрін анықтайды, дәлелдейді. Екі мәтіннің мақсатын анықтайды. Екі мәтіннің мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Екі мәтіннің көзделген аудиториясын 3 мүдделі тарапты айқындайды. Екі мәтіннің стилін, жанрын анықтайды, дәлелдейді
Ғылыми стильдің тілдік қолданысына сілтеме жасап, сауатты талдайды	Лексикалық ерекшеліктерді: • эмоцияға, экспрессияға жол берілмейді. • ғылыми терминдер жиі қолданылады. • сөздердің тура мағынада қолданылу мақсатын. • синоним, антонимдердің қолданылу мақсатын талдайды Морфологиялық ерекшеліктерді: • зат есімдер мен қатыстық сын есімдердің көбірек қолданылуы және оның мақсатын. • етістікке зат есім, сын есім, үстеулердің көп тіркесуі. • баяндалатын мазмұнның логикалылығы. • жіктеу және сілтеу есімдіктерінің көп қолданылатындығы Синтаксистік ерекшеліктерді: • көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. • бірыңғай мүшелердің қолданылу мақсатын. • құрмалас сөйлемдердің қолданылу мақсатын талдайды
Ғылыми стильдің мәтіндік құрылымы	• Абзац құрылымы сақталған/сақталмаған, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері бар ма? Әр бөлімдердегі мазмұн қалай, не арқылы жеткізілген? • Абзацтар арасында логикалық бірізділік сақталған ба? Қалай байланысқан? • Сілтеу есімдіктерімен бірге (<i>сол, осы, ана т.б.</i>) зат есімдердің қайталанып отыратын көмегі арқылы сөйлемдердің бір-бірімен логикалық байланысуы. • Байланыстырушы оралымдар мен конструкциялар арқылы (<i>енді мына мәселеге тоқтайық..., ерекшеліктерін атап өтетін болсақ,... т.б.</i>)
Публицистикалық стильдің тілдік қолданысына сілтеме жасап, сауатты талдайды	Лексикалық ерекшеліктерді: • сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуын. • қоғамдық-саяси лексиканың, терминдердің қолданылу мақсатын. • синоним, антонимдердің қолданылу мақсатын талдайды. • эмоционалды-экспрессивті сөздерді (тұрақты тіркестер, эпитеттер т.б.) талдайды. • лексикалық қайталаулар; Фразеологизмдер. Мақалдар мен мәтелдер Морфологиялық ерекшеліктерді: • зат есімдердің, жалқы, жалпы зат есімдердің қолданылу мақсатын. • сапалық, қатыстық сын есімдердің, қолданылу мақсатын. • сан есімдердің қолданылу мақсатын. • осы шақ мағынасындағы етістіктердің ерекше қызмет атқаратындығын (<i>жазамыз келіп жазамыз, нәтиже көрінер емес</i>) талдайды Синтаксистік ерекшеліктерді: • хабарлы сөйлемдердің қолданылу мақсатын. • толымды және жайылма сөйлемдердің қолданылуын. • бірыңғай мүшелердің қолданылу мақсатын. • құрмалас сөйлемдердің қолданылу мақсатын талдайды. • тыңдаушылардың назарын аударатын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдер. • риторикалық сұрақтар

Публицистикалық стильдің мәтіндік құрылымы	<ul style="list-style-type: none"> • абзац құрылымы сақталған/сақталмаған, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері бар ма? Әр бөлімдердегі мазмұн қалай, не арқылы жеткізілген? • абзацтарды байланыстырушы сөздер (Азат жолдардың арасындағы байланыс (логикалық байланыс, сілтеу есімдігі, қыстырма сөздер). • ойдың байланысуындағы сілтеу есімдіктерінің қолданылу мақсатын. • тұтас ойды білдіретін сөйлемнің бөлшектерінің өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздердің қолданылуын (осылай ете келіп, біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, осының нәтижесінде т.б.)
Автор үні	Автор үні мен көзқарастарын 2 сөйлеммен анықтайды

Ұсынылған тапсырмалар негізінде жауап нұсқаларын саралайтын болсақ, ол талдау төмендегідей сипатта жүзеге асады.

2 - к е с т е

Публицистикалық және ғылыми стильдегі мәтіндерді салыстыра талдау үлгісі

А мәтіні	Ә мәтіні
Ұқсастығы	
<ul style="list-style-type: none"> • Екі мәтін де жазбаша формада. • Екеуі де тақырыбы жағынан ұқсас гендерлік саясат мәселесін қозғайды. • Екі мәтін де түріне қарай пайымдау мәтіні 	
Мақсаты	
<ul style="list-style-type: none"> • әйел теңдігін қолдаудың адамзаттың болашағына әкелер зиянды жақтарын талқылай отырып, әйелдің отбасындағы рөлінің маңыздылығын насихаттау. • батыс пен шығыс елдерінің әйел затына қарым-қатынасына қатысты көзқарастарындағы алшақтықты түсіндіріп, әйел теңдігі мәселесіне қарсылығын таныту 	<ul style="list-style-type: none"> • гендерология, гендер гендерлік стереотиптер жайлы ақпарат бере отырып, Қазақстандағы гендерлік саясат жүргізудің бағыт-бағдары мен ұстанымдары туралы мәлімет беру. • Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың мемлекеттік деңгейде қарастырылуы жайлы ақпарат беру.
Мазмұны	
Мәтіннің мазмұнында әйел табиғатына тән ерекшеліктер мен әйелдің сыртқы істермен айналысуының отбасына кері әсері; әйелдің саясатқа араласуының батыс елдердегі салдарын талқылау; «феминизм», «әйел теңдігі» деген ұғымдарға қатысты автордың теріс көзқарасы қамтылған.	Гендерология, гендер, гендерлік стереотиптер туралы түсінік; гендерлік зерттеулердің беретін мүмкіндіктері; шетелдер мен біздің еліміздегі гендерлік зерттеулердің жүргізілу барысы; гендерологияның ғылым негізі ретінде қалыптасу кезеңі; Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың мемлекеттік сипат алу ерекшеліктері қамтылған.
Стилі	
Публицистикалық стиль	Ғылыми стиль
Лексикалық ерекшелігі	
<ul style="list-style-type: none"> • мәтінге негіз болып тұрған тірек сөздер: «<i>әйел, әйел теңдігі, саясат, феминизм</i>» гендерлік саясатқа қатысты танытады. • ауыспалы мағынадағы сөз қолданыстары: «<i>бала тәрбиесі ақсап</i>» — саясатпен шұғылданған әйелдердің отбасына қарамауы, баласына тәлім-тәрбие бере алу мүмкіндігінің шектелуін ескерту үшін т.б. «<i>жарты жолда тастағысы келмеу</i>» — мансабынан ажырағысы келмей, бала туудан бас тартуды таныту үшін қолданыс тапқан. • эмоционалдық-экспрессивтік реңк беріп тұрған сөздер тобы: біріншіден, сапалық және сын есімдердің қолданысы: «<i>нәзік</i>», «<i>сезімтал</i>» — әйел табиғатын таныту үшін қолданылған; екіншіден, тұрақты тіркестердің кең ауқымды қолданысы байқалады. «<i>Әйел теңдігін желеулеткен батыста</i>» деген эпитеттің ұлғайған түрі арқылы батыс елдердің ұрпақсыз қалу мүмкіндіктерін сынға алады. «<i>биліктің тұтқасы</i>» метафорасы арқылы ел басқару ісіне араласқан әйелдерді сынға алып, билікте жүруіне наразылығын таныту үшін берілген. • Жалқы есімдер мен сандық көрсеткіштердің қолданысы: «<i>Адам ата, Хауа ана</i>» діни ұғымдары «<i>әйел теңдігі</i>» 	<ul style="list-style-type: none"> • мәтінге негіз болып тұрған тірек сөздер: «<i>гендерология, гендер, гендерлік стереотиптер, әйелдер</i>» сөздер тура мағынасында қолданыс тапқан. • мәтіннің ғылымилық сипатын ашатын ғылыми терминология маңызды орын алады. Атап айтқанда, «<i>гендерология, гендер, гендерлік стереотиптер, спецификалық әлеуметтік функциялар, мәдени стереотиптер, феминистік, институттар, демографиялық саясат, индикатор</i>» терминдері гендерлік саясат ұғымдарын кең ауқымды ашып, гендерологияның ғылым есебінде қалыптасуын айғақтайды. • жалқы есімдер мол қолданылған. «<i>Америкада, Англияда, Франция және Германияда</i>» деген мемлекет атаулары гендерлік саясатқа қатысты зерттеулердің батыста жүргізілгендігін дәлелді әрі нақты жеткізу үшін пайдаланылған. • реттік сан есімдер «<i>XX-XXI ғасырлар</i>» гендерологияның ғылым есебінде негізделу кезеңінен мәлімет беру үшін қолданылса, ал «<i>2006-2016 жылдар</i>» гендерлік теңдік стратегиясының еліміздегі жүзеге асу мерзімін көрсетіп, нақтылық сипатқа ие болған. • гендерлік саясат ұғымының ерекшелігін танытуға

<p>мәселесінің туындауын, батыстың әйелді күнәһар ретінде жек көру себептерін ашу үшін қолданылған.</p> <p>• Автор «мысалы», «міне», «ал» қыстырма сөздер мен ойды жүйелеуші сөздерді, «бұл» сілтеу есімдігін қолдана отырып, мәтін ішіндегі ойды сабақтастыру үшін қолданған</p>	<p>қатысты бірнеше туынды, қатыстық сын есімдер қолданыс тапқан.</p> <p>• 5-абзацтағы «алғашында», «бүгінгі» үстеулері гендер ұғымына қатысты жағдайдың өзгерістерін салыстырмалы түрде таныту үшін қолданылған.</p> <p>• Әйелдерге қатысты «шаңырақтың сақтаушысы», «бала күтушісі» мәнмәтіндік қолданыстағы синонимдік қатар қолданылған</p>
<p>Синтаксистік ерекшелігі</p>	
<p>• Айтылу мақсатына қарай негізінен <i>хабарлы сөйлемдер</i> және бірнеше <i>риторикалық сұраулы сөйлемдер</i> қолданыс тапқан.</p> <p>• Құрылысына қарай <i>жайылма, толымды, жақты жай сөйлемдер мен бірыңғай мүшелермен берілген жай сөйлемдер және ыңғайлас салалас құрмалас, көп бағыныңқы сабақтас құрмалас, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас</i> сөйлемдер қолданыс тапқан.</p> <p>• 1-абзацтағы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем арқылы қоғамдағы келеңсіздіктердің әйел адамның отбасына қарым-қатынасындағы салғырттықтан туындайтынын жеткізу үшін қолданылған.</p> <p>• 2-абзацтың басындағы <i>халық нақылы</i> тұтастай енгізіліп, әйелдің ана ретіндегі рөлінің маңыздылығын дәлелдеу үшін қолданылған</p>	<p>• Ғылыми стильдің ақпараттық функциясы басымдық танытқандықтан, мәтін айтылу мақсатына қарай тек хабарлы сөйлемдерден тұрады.</p> <p>• Құрылысына қарай <i>бірыңғай мүшелі жай сөйлемдер, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас</i> сөйлемдер қолданыс тапқан.</p> <p>• 2-абзацтағы <i>қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас</i> сөйлем бұрынғы кезде әйел адамдардың отбасындағы рөліне басымдық бергендігін сипаттау үшін қолданылған.</p>
<p>Мәтіндік ерекшелігі</p>	
<p>Мәтіндік құрылымы толық сақталып, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімі қамтылған.</p> <p>• Абзацтар арасындағы байланыс логикалық бірзіділікпен жүйелі берілген.</p> <p>• Кіріспе бөлімде әйел табиғатына тән ерекшеліктерге тоқталса, негізгі бөлімде әйел теңдігін желеу еткен батыстықтардың ұстанымдарын, әйелдің билік басына келуінің салдарларын және батыстықтарда діни көзқарастардың салдарынан феминизм, әйел теңдігі ұғымдарының туындауын, әйелді кемсітушіліктің орын алу себептерін қамтыған</p>	<p>• Мәтіндік құрылымы толық сақталмаған, негізгі бөлімі бар, кіріспе және қорытынды бөлімі қамтылмаған.</p> <p>• Абзацтар арасындағы байланыс логикалық бірзіділікпен жүйелі берілген.</p> <p>Кіріспе бөлімде гендерология, гендер, гендерлік стереотиптер ұғымдарының анықтамасы қамтылған. Негізгі бөлімде гендерлік зерттеулердің жүргізілу барысы, Қазақстандағы гендерлік саясаттың мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуы жайлы мәлімет ұсынылған</p>
<p>Автор үні</p>	
<p>• Автор әйел мен еркектің теңдігі мәселесіне қарсы шыға отырып, отбасы құндылықтарының сақталуына қатысты өз көзқарасын ашық білдіреді. Елдің болашағын сақтаудың бір жолы ретінде әйелдің отбасындағы орнына жоғары баға беріп, халық қамқоры ретінде үн қатқан</p>	<p>• Мәтін ғылыми стильде берілгендіктен, автордың жеке көзқарасы қамтылмаған. Ғылыми стильдің ерекшелігіне сай жақсыз баяндалып, стилистикалық бейтараптылық орын алған</p>

Мәтінді талдау барысында ой қорытындыларын жасауға үйренеді. Мәтінмен жұмыс тіл дамытушылық сипатымен қоса, оқушылардың ғылыми ойлауын жетілдіріп, сараптама жасау дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. Өйткені мәтінмен жұмыс — оқылым дағдысын жетілдірудің ажырамас бөлігі. Осы іспетті талдау ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтінді саралауда да қолданылады.

Транскрипцияланған мәтіндердегі шартты белгілер:

- Кідірістер (паузала) (.) — аз кідіріс; (.), (...) -ұзақ кідіріс;
- Кідірісті дыбыстармен толықтыру /бөгелу мәніндегі көмекші сөздер: хм, ыы, ээ, мм-мм-м
- ШІРКІН (барлығы бас әріппен жазылса) жоғары тон, яғни ерекше көтеріңкі айтылғанда ерекше мән беру сипатын береді (акцент беру);

Ауызекі сөйлеу стиліне тән қолданыстар:

- фальстарттар: Сөзді қайталау, тосылып, қайта түзету; Жо-жок, мен мынаны айтқым келген.
- қайталаулар: сөз таба алмай сасқалақтаулар, сенімсіздік;
- сөзді қыстартып айту, басқаша дыбыстап айту; ояқ, бұяқ, қап кетті, отырқ;
- сөйлеу барысындағы әрекеттер жақша ішінде, кейде сілтеме жақша арқылы жазылады. Мысалы, [қолын жүрегіне қойды];
- сөз ретінің сақталмай, инверсиялануы (Ертең айтамын бұл туралы);

– диалект сөздер, жаргондар, паразит сөздер (оқушылар қолданатын сөздер), дисфемизмдер, т.б.;

– фразеологизмдердің көбірек қолданылуы.

Мысалы, тапсырма төмендегідей сипатта ұсынылады: мәтінді түсініп оқып, формасы, түрі, мақсаты, мазмұны, стилі, тілдік және идеялық ерекшелігін талдап жазыңыз. Осы іспетті тапсырма бойынша «Құқықтық мелекет» бөлімі аясында өтілген бір оқу мазмұнын қарастырып көрейік. Оқу тапсырмасына ұсынылғаны — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы бойынша жұрттың алдында сөйлеген сөзінің транскриптісі. Тілдегі экспрессивті, эмоциональдық қасиеттер көп жағдайда ауызекі тілде байқалатындықтан, оқушылардың сөйлеушінің көтеріп отырған мәселесін, күй-жайын терең түсініп, оның сөзіндегі түрлі сипаттағы қолданыстардың мақсаны айқындай алуы маңызды болмақ. Талдау жүйесі салыстырмалы анализ форматына ұқсас болғанымен, ауызекі сөйлеу тіліндегі шарттылық ерекше назарға алынып талдануы керек. Талдау реті төмендегідей сипатта жүзеге асады [23; 27].

Ауызекі сөйлеу стилін талдау бойынша бағалау критерийлері белгіленді. Ауызекі сөйлеу стильдегі мәтіннің тақырыбын, қызметін, құрылымын, автор интенциясын, тілдік ерекшелігін және контекст тұрғысынан талдайды; құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін құрылымдап, дұрыс қолданады. Критерийге дескриптор белгіленді:

- мәтіннің тақырыбын, формасын, түрін анықтайды;
- мәтіннің мақсатын, мазмұнын, көзделген аудиториясын анықтайды;
- мәтіннің стилі мен жанрын анықтап, дәлелдейді;
- стильге тән шартты қолданыстардың мақсатын анықтайды;
- фонетикалық (дыбыстық созылулар мен дыбыстық өзгерістер) ерекшелікті талдайды;
- эмоционалды-экспрессивті сөз (2) бен морфологиялық ерекшелігін (2) анықтап, мақсатты қолданысын талдайды;
- синтаксистік ерекшелігін (инверсия, жай сөйлем) талдайды (2);
- мәтіндік құрылымы мен автор үнін шығарма идеясымен байланыстырып талдайды;
- сөздік қорының молдығын көрсетеді, емле және тыныс белгілерін сауатты қолданып жазады.

Жоғарыдағы тапсырманы оқушылар төмендегідей сипатта талдап жазды:

Мәтін әдеби тіл нормасы сақталмай, ауызша формада берілген, монологқа негізделген транскрипт.

Мәтіннің түрі — пайымдау, өйткені халықтың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатын жақсартуға қатысты қабылданған заңдар туралы мәлімет бере отырып, құқықтық мемлекеттің ұстанатын саясатына, қоғам мен биліктің қарым-қатынас мәдениетіндегі өзгерістерге баға берген.

Мәтіннің мақсаты — халықтың әл-ауқатын жақсартуға қатысты қабылданып отырған заңдар мен атқарылып отырған мелекеттік істер туралы мәлімдеп, елдің тұрақты дамуы жолында биліктің атқарып отырған ісіне сенім ұялату.

Мәтіннің мазмұнында қоғамдық бақылау, ғылым мен технология, балаларды қорғау ісіне қатысты ұлттық қордан балаларға қаржы бөлу, несиеге, яғни халықтың әл-ауқатын көтеруге қатысты қабылданған заңдар жайлы ақпарат беріп, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының жүзеге асырылуы мен құқықтық мемлекеттің ұстанымдары жайында және заң алдындағы адалдықтың баршаға ортақ міндет екені жайында айтылып, пайымдаулар қарастырылған.

Мәтін ауызекі сөйлеу стилінде, жұрт алдында сөйлеген сөз, өйткені мәтін эмоционалды-экспрессивті тонда, формальді, ресми түрде ҚР Президентінің халықтың алдында сөйлеген сөзінен алынған транскрипті. Мәтінді интерпретациялау оқырманның ментальді моделін қалыптастырады [24; 42].

Мәтіннің ауызекі сөйлеу стиліне тән шартты қолданыстарын қарастыратын болсақ, Ел басшысы «Балаларды қорғау ісіне» сөздерін жоғары тонда жеткізе отырып, Парламенттің екінші сессиясында болған өзгерістердің ішіндегі Ұлттық қордан балалар есепшотына қаржы аудару ісінің маңыздылығына баса назар аудартып, халыққа қуанышты хабарды айырықша леппен салтанатты түрде жеткізуді көздейді. 4-абзацтағы «*мм-мм-м*» дыбыстық толықтыру талай азаматтардың бірнеше несиелермен күнелтіп жатқанына қатысты қынжылуын және оның қоғамдық індет ретінде оның зардабын бағалау үшін ойланғанын, ауырсына жеткізуін көрсетеді. 2-абзацтың 2-сөйлемінде

Парламенттің екінші сессиясында қабылданған заңдардың «102» санын еске түсіру үшін ұзақ кідіріс жасайды.

Мәтіннің фонетикалық ерекшелігін талдайтын болсақ, 6-абзацтағы «зо-о-ор» және «кө-ө-өп» үстеулерінің созылыңқы айтылуы арқылы сөйлеуші қабылданған заңдардың құқықтық мемлекеттің ауқымды мәселелерін шешу ісінің халықтың көңіліне бір үміт ұялататынын жеткізеді және жүзеге асырылуға тиіс кезек күттірмес қыруар істің бар екенін жеткізіп, жаңа міндеттер жүктеу үшін қолданылған. Бұл бағыттағы зерттеулерде кейс технологиясының тиімділігі кеңінен дәлелденген [25].

Мәтіннің лексикалық ерекшелігін қарастыратын болсақ, стильдік және жанрлық ерекшелігіне сай мәтінде қоғамдық-саяси лексика қолданыс тапқан. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» деген тұрақты тіркес арқылы жасалған эпитеттің ұлғайған түрі қабылданған заңдардың барлығының жұртшылық қауымның талап-тілегін орындаудан туындаған қағида және сәтті жүзеге асып келе жатқан тұжырымдама екенін жеткізу үшін қолданылған. Бұл тұжырымдама мәтінде екі рет ұсыныла отырып, мемлекет пен биліктің арасындағы тығыз байланыстың бар екеніне және мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлық ережелерінің заманауи жаңа үлгісінің орнығуына деген сенім ұялатуды көздейді. Сөйлеуші бірнеше тұрақты тіркестерді қолданады. Атап айтқанда, «белең алып» тұрақты тіркесі геосаяси қақтығыстардың молаюынан туындайтын қиындықты көрсетеді; «күш-жігерімді саламын» — Ел басшысы ретіндегі қоғам мен мемлекет арасындағы түсіністік пен халықтың мұң-мұқтажын өтейтініне қатысты тегеурінділік танытатынын жеткізеді; «арқаны кеңге салу» тұрақты тіркесі арқылы табысқа жету жолындағы атқарған істердің жетімсіздігін және тынбай еңбек етудің қажеттігін жеткізу үшін қолданылған.

Оқушының осы талдау жұмысынан байқағанымыздай «Кейде кішкене ғана деталь көркем шығарманың мәнін ашып беріп жатса, кейде керісінше, бүкіл көркем туынды бір ғана детальды түсіндіруге қызмет атқарып тұрады. Осы тұрғыдан алғанда көркем шығарманы дұрыс қабылдау мен түсіну өте маңызды» [23; 199] толық лингвистикалық талдау негізінде оқушының өнімі ретінде қарағанда нақты ғылыми сараптама жасап ойлау әрекетінің өнімі ретінде оның пайым деңгейін, теориялық білімі мен қоса сөйлеушінің интенциясын терең түсіну деңгейін де танытпақ.

Жоғарыдағы нұсқаулық бірінші қолданбалы жаттығуды сапалы жүзеге асыруға ұсынылған болса, оқыту кейсінің оқылым және мәтін талдау бөлігінің екінші тапсырмасы алдыңғы салыстырмалы анализ бойынша талдаған екі мәтіннен ақпарат ала отырып, жаңа жанрда жазу дағдысын жаттықтыратын тапсырма ретінде ұсынылады. Екі мәтіннен ақпарат алу және ол ақпаратты жаңа жанрда жазу барысында өз ойына қолдау көрсету мақсатында өңдеп қолдану барысында оқушылардың бірнеше қабілеттерінің болуы талап етіледі. Екі мәтіннен ақпарат алып жазуда ұсынылатын жанрлар негізінен публицистикалық стильдегі және ішінара ғылыми, ресми стильдегі жанрлар түрінде беріледі. Атап айтқанда, мақала, аргументативті эссе, блогқа пікір, блог жазбасы, көпшілік алдында сөйлейтін сөз, газетке хат, баяндамасының тезисі, аннотация, үндеу хат түрінде берілуі мүмкін. Ендеше аталмыш жанрлардың сипаттық ерекшеліктерін, оқырманға әсер ету амал-тәсілді жазылым барысында ескерумен қатар, салыстырмалы талдау жасаған екі мәтіндегі ақпараттарды өз ойын ұтымды жеткізу аясында ұтымды қолданып, ойын шебер әрі әсерлі жеткізуі қажет. Сонда осы тапсырма аясында оқушылар бірнеше сипатта дағдылары мен бейімділіктерін, қабілет-қарымдарын танытуы керек. Атап айтқанда, тапсырмалар осы алуандас тапсырма мынадай сипатта ұсынылады: Сіз Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына орай ұйымдастырылған мектепшілік мақалалар байқауына қатысасыз. «Қазақ тілінің әлеуетін көтеру жолындағы игілікті қадамдар» деген тақырыпта мақала жазыңыз. Екі мәтіннен ақпаратты алып, аргументтерді өз ойыңызға дәлел ретінде қолданыңыз.

Дескриптор:

1. Мақаланы оқырманды қызықтыратын тәсілмен бастайды.
2. Мақалаға негіз болатын тезисті және қосалқы тезисті құрып, оған дәлел болатын фактілерді 2 мәтіннен тең алады және кемінде әрқайсынан 3-4 ақпараттан алады.
3. Эмоционалдық-экспрессивтік реңкі басым сөздер: тұрақты тіркестер (*мәтінде қарамен ерекшеленіп тұр*), метафора, эпитеттік тіркестерді (кемінде 3-4) қолданады.
4. Тақырыпты ашу үшін кемінде бір-екі дәйексөз немесе мақал-мәтел қолданады.
5. Мәтін кемінде 5 абзацтан тұрады.

Мақала жазуға арналған бағыттаушы сұрақтар мен критерийлер:

- Риторикалық сұрақ, мәтел қолдану т.б.

– Астарлы мәндегі сөз, қарапайым халыққа түсінікті әрі қызықты елең еткізетін сөйлемді қолдану. Мысалы, *Таяқтың екі ұшы бар екенін ұмытпайық..., Жығылған сүрінгенге күледі деген осы шығар. Бүгін жетістік деп желеулеткен жаңалығымыз ертең маңдайымызды тасқа ұрғызбай ма?*

– Мақалаға негіз болатын тезис құру керек. Ол мәселеге қатысты негізгі идеяға байланысты құрылады.

– Негізгі тезисті дәлелдеу үшін қай мәтіннен ақпарат алуға болады? Ақпарат өңдеп қолданыңыз.

– Негізгі тезисті өрбітетін қосалқы тезистер болу керек. Ол тезистер негізгі идеяны ашу үшін маңызды орын алады ма деген сұрақты қойыңыз. Әр тезиске қатысты ақпаратты екі мәтіннен де алуға тырысыңыз. Ол көрініп тұратын нақты деректер: статистикалық мәлімет, сандық көрсеткіш, жалқы есімдер болуы керек.

Оқыту кейстері бөлім аясындағы нақты оқу мақсаттарына негізделіп әзірленді. Зерттеу нәтижесінде оқыту кейсі әдісі, сын-тегеурін әдісі, проблемалық кейс әдісі негізгі әдістер ретінде сипатталды.

Оқыту кейсі әдісі оқу үдерісін нәтижеге бағыттап ұйымдастыру барысында өзге әдістермен кіріктіріле қолданылу нәтижесінде тиімді болды. Өйткені қолданбалы жаттығуларды әзірлеудің бастапқы сатысында белгілі бір оқытылатын бөлімді біртұтас модуль ретінде қарастырып, шығатын өнім түрлері оқу бағдарламасына сай оқылым, жазылым және тыңдалым/айтылым дағдыларының күрделі оқыту мақсаттары негізінде нысанға алынып жоспарланды.

Сын-тегеурін әдісі «Скаффолдинг» әдісі негізінде оқушылардың жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауына дер кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік берді. Сын-тегеурін әдісін кіріктірудің маңыздылығы өзге пәндермен, өзге тақырыптармен байланыс орнату негізінде ой-өрісті кеңейтіп, балама түсіндірмелер ұсынуға, тың пайымдаулар шығаруға бағыттайды. Кейсті жүзеге асыру кезеңінде тақырып аясында кең ауқымды ұғым-түсінік қалыптастыру үшін «Миға шабуыл» әдісі негізінде ойды генерациялау, «Ойша тәжірибе» әдісі негізінде ойша түрлендіріп, жазатын мәтіннің сипатын құру, сызбаға түсіріп, жалпы жобасын әзірлеу шағын топпен, сыныппен талқылауда тиімді болды.

Проблемалық кейс әдісін қолданудың нәтижелі болуын қамтамасыз ету үшін оқушының өзіндік әрекетті тиімді ұйымдастыруын, жұмыс жүйесінің реттілігін меңгеру деңгейін түйсінуді анықтау мақсатында зерттеудің бастапқы кезеңінде сынып оқушылары мен мұғалімдерден кіріс сауалнамасы алынды. «*Айтылым және жазылым жұмыстарын орындар алдында төмендегі әрекеттердің қайсысын ретімен жүзеге асырар едіңіз?*» деген сұрақ негізінде Блум таксономиясына негізделген әрекет түрлері ұсынылып, сауалнамаға қатысқан 23 оқушының басым бөлігі «*Ұстанымды айқындау мен мақсат қою*» әрекетінің маңыздылығын (18 оқушы) бірінші орындайтынын; екінші кезекте — «*Негізгі бөлімге тезистік жоспар құру*»; үшінші кезекте — «*Ақпарат іздеу*»; төртінші кезекте — «*Жанрдың ерекшелігін еске түсіру*»; бесінші — «*Жазылым/Айтылым жұмысының жоспарын құру/моделін құрастыру*» әрекетін орындайтынын атап көрсеткен. Бұл оқушылардың 75 %-ына жуығы жанрлардың ерекшелігін толыққанды білмейінше, жоспарлау/моделін құрастыру әрекеті оңтайлы жүзеге аспайтынын терең зерделемейтіндігін пайымдатты. Кіріс сауалнамасының нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың 70 %-ы жанрлар ерекшелігіне қатысты теориялық нұсқаулықты қажетсінетіні және жазылымалды дайындық жұмыстарының маңыздылығын ескермейтіні айқындалды. Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, проблемалық кейстерді құруда белгілі бір жанрда жазуда арнайы алгоритмдер мен бағалау құралдары құрастырылуы қажет деген тұжырым шығарылды. Осы тұрғыда проблемалық кейс негізінде әртүрлі мәтіндердің моделін құрастыруға қажетті көмекші құралдар әзірленіп, қолданысқа ұсынылды.

Кейс пен жобалау әдістерін кіріктіру оқу үдерісінде «проблема → талдау → жоба → нәтиже» логикасы негізінде жүйелі түрде жүзеге асырылады. Бұл үдеріс ең алдымен проблемалық жағдаятты ұсынудан басталады, келесі сатыда кейс негізінде алынған шешімдердің ішінен ең тиімдісі іріктеліп, ол жоба идеясына айналады.

Үдерістің келесі кезеңінде дайындалған жоба нәтижесі ұсынылып, оқушылар өз өнімдерін (мәтін, презентация, модель және т.б.) таныстырады және кейс аясында қойылған мәселенің шешімін дәлелдейді. Кейс пен жобалау әдістерін кіріктіру оқыту үдерісін проблеманы талдаудан бастап, оны нақты нәтижеге бағытталған өнім арқылы шешуге дейінгі тұтас, логикалық жүйе ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әр кезеңі бойынша жүргізілген талдаулар көрсеткендей, оқушылардың шығармашылық қабілетін ұштауға көркем тілді қолдану дағдыларын жетілдірудегі олқылықтар алдағы уақытта осы аймақтағы жұмысты жандандыру қажеттігін айқындады және ол келесі зерттеуге негіз болмақ.

Қорытынды

Проблемалық кейс әдісін модульдік оқыту технологиясының философиялық негіздемесіне сүйене отырып кіріктіру, жобалау әдісімен және «Үлгілеу», «Ойша тәжірибе», «Сипаттау» әдістерімен, «Скаффолдинг» әдістерімен үйлесімділікте, сабақтастықта кіріктіре қолдану, оқушылардың өзіндік әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы тұлғаның ауызша және жазбаша тіл мәдениетін меңгерудегі ізденістері мен зерттеушілік-жобалау дағдыларының артуына, нәтижелі әрекет етуіне мүмкіндік туғызды.

Жоғарыда аталған нәтиже әртүрлі жанрлардың ерекшеліктерін меңгеру негізінде оқушылардың кез келген тақырыпта өз ойын сенімді әрі әсерлі жеткізетін тілдік тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызғанымен, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың іс-шараны сипаттау және әңгімелеу мәтіндерінің моделін құрастыру дағдыларын жетілдіру бағытында әдістемелік ізденіс қажеттігі айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде нақтылы түйінді пікірлер ұсынылды:

Біріншіден, оқу бөлімдерін біртұтас дидактикалық модуль ретінде қарастыру қажеттілігі айқындалды. Осыған сәйкес, проблемалық кейс әдісінің даярлық кезеңінде күрделі оқу мақсаттарын тиімді меңгертуді қамтамасыз ететін, құрылымы жүйеленген оқушы дәптерін әзірлеу ұсынылады. Мұндай оқу құралы оқушылардың танымдық әрекетін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, проблемалық оқытуға негізделген кейстік тапсырмаларды әзірлеу барысында оқу процесін саралау мен даралауға бағытталған әдістерді кешенді қолдану қажеттігі анықталды. Атап айтқанда, сын-тегеурін, жеделдету, күрделендіру және терендету әдістерін кіріктіре отырып, оқушылардың нәтижеге қол жеткізуін қолдайтын қосымша құралдармен қамтамасыз ету маңызды. Бұл құралдар құрамына нұсқаулықтар, талдау алгоритмдері, әртүрлі дереккөздер мен оларға сілтемелер, сондай-ақ бағалау құралдары енгізілуі тиіс.

Үшіншіден, проблемалық кейс әдісі негізінде әртүрлі мәтін үлгілерін құрастыруда жобалау әдісін «Үлгілеу», «Ойша тәжірибе», «Сипаттау» және «Скаффолдинг» сияқты әдістермен сабақтастықта, кіріктірілген түрде қолдану ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оқу мазмұнын терең әрі жүйелі меңгеруіне жағдай жасайды.

Қазақ тілінің байлығын игеруге, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау арқылы ғылыми тілді игеруге, ақпаратты өңдей алу біліктіліктерінің қалыптасуына, түрлі коммуникативтік жағдаятқа сай әртүрлі стиль мен жанрда өз мәтіндерінің моделін құрастыра алу біліктіліктерінің артуына және оқу-әдістемелік кешенді құрастыру негізінде оқушыларға дер кезінде қолдау көрсете алуымен тиімді болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Kun Y. Research on the Integration of Artificial Intelligence and Education / Y. Kun, Y. Hongchang // Education Reform and Development. — 2020. — Vol. 2, No. 2. DOI: 10.26689/ERD.V2I2.2062
- 2 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Білім беру бағдарламасы — NIS-Programme. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәнінің оқу жоспары. Негізгі мектеп (10-сынып). — Нұсқа 2.1.
- 3 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы / Қ. Бітібаева. — Астана: Дарын, 2012. — 271 б.
- 4 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Білім беру бағдарламасы — NIS-Programme. «Қазақ тілі» (Т1) пәні бойынша оқу бағдарламасы. Негізгі мектеп (6–10 сыныптар). — 2019. — 60 б.
- 5 Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы [Электрондық ресурс] / С.М. Бахишева. — Қолжетімділігі: <http://rmebrk.kz/bilim/association/bahisheva-ped-jobalau.pdf>
- 6 Дьюи Дж. Демократия и образование / Дж. Дьюи. — М.: Педагогика, 2000. — 384 с.
- 7 Hamilton L. Using Case Study in Education Research / L. Hamilton, C. Corbett-Whittier. — London: SAGE Publications, 2013. — 228 p.
- 8 Наумова А.И. Кейс-метод в современном образовании / А.И. Наумова. — Москва: Академия, 2014. — 192 с.

- 9 Исина Б.К. Қазақ тілі сабағында мәтін талдау дағдыларын дамыту / Б.К. Исина, Г.Б. Сағанаева // Педагогика және психология. — 2021. — № 3. — 112–118-б.
- 10 Керимбаева М.С. Кейс технологиясын қолданудың тиімді жолдары / М.С. Керимбаева // Білім беру жүйесі. — 2017. — № 4. — 45–49-б.
- 11 Қойлық Н.О. Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі: әдістемелік нұсқаулық [Электрондық ресурс] / Н.О. Қойлық, С.М. Каупенбаева. — Қолжетімділігі: http://engime.org/pars_docs/refs/103/102105/102105.pdf
- 12 Ханалиева К.Ә. Рефлексивті ойлау — педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру кепілі [Электрондық ресурс] / К.Ә. Ханалиева. — Қолжетімділігі: <https://bilimainasy.kz/%D1%80%D0%B5%D1%84%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1/>
- 13 Agustina L. The efficacy of case-based learning model integrated with critical thinking skills to improve EFL learners' reading comprehension / L. Agustina, U.A. Ro'isatin // Journal of Languages and Language Teaching. — 2024. — Vol. 12, No 3. — P. 1443–1454. DOI: 10.33394/jollt.v12i3.11619
- 14 Dharmayanti Putu A.P. Case-Based Learning in Language Teaching [Electronic resource] / A.P. Dharmayanti Putu. — Access mode: <https://e-journal.unmas.ac.id/index.php/joselt/article/view/3439>
- 15 Rika I. Experts' Views on Integrating Contextual Case-Based Learning Method into English Writing Textbook [Electronic resource] / I. Rika et al. — Access mode: <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/8973>
- 16 Siregar M. Development of a case method learning model to hone students' translation competence in language teaching courses [Electronic resource] / M. Siregar, R. Husein, S.K. Putra. — Access mode: <https://ejournal.unib.ac.id/index.php/joall/article/view/30619>
- 17 Silitubun E. The Effectiveness of Case-Based Learning in Enhancing Students' Critical Thinking Skills [Electronic resource] / E. Silitubun, M. Mustaji, U. Dewi. — Access mode: <https://www.jneonatsurg.com/index.php/jns/article/view/1844>
- 18 Exploring Perceptions of the Case-Based Learning Model for Extensive Reading Instruction [Electronic resource]. — Access mode: <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/8988>
- 19 Case Method as Means of Forming Intercultural Competence in Teaching Foreign Languages [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.europeanproceedings.com/article/10.15405/epsbs.2018.09.106>
- 20 The Effectiveness of Case-Based Learning to Improve Collaboration and Communication Skills of Students [Electronic resource]. — Access mode: <https://obsesi.or.id/index.php/obsesi/article/download/6233/pdf/27553>
- 21 Отарбаева Ғ.Н. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар [Электрондық ресурс] / Ғ.Н. Отарбаева // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2018. — № 4 (172). — Қолжетімділігі: https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/06/vestnik-kaznu.-seriya-filologicheskaya_2018-172-4.pdf
- 22 Гетьман В.В. Интерпретация художественного произведения как межнаучная проблема / В.В. Гетьман // В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии. — Новосибирск: СибАК, 2013.
- 23 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Басқарма шешімінің 2020 жылдың 27 тамызында бекітілген (№ 39 хаттама). Критериалды бағалаудың моделі. — 2022.
- 24 Гетьман В.В. Интерпретация текста как когнитивный процесс / В.В. Гетьман // Вестник филологии. — 2013. — № 2. — С. 38–42.
- 25 Тілепбергенов Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Б. Тілепбергенов. — Алматы: Рауан, 2014. — 275 б.

Г.Б. Сағанаева, Б.К. Исина

Интегрированное применение обучающих кейсов методом проектирования в повышении языковой компетентности

Данная статья направлена на совершенствование культуры устной и письменной речи, повышение языковой компетентности, развитие исследовательских и проектных навыков путем конструирования моделей текстов разных стилей и жанров на уроках казахского языка с помощью прикладных упражнений, построенных на интеграции учебных кейсов методом проектирования. Рассмотрены пути овладения лексическими, орфографическими, морфологическими, грамматическими, стилевыми, пунктуационными нормами литературного языка путем грамотного анализа лингвистических аспектов с глубоким осмыслением значения языковых единиц в контексте, используемых в совершенствовании навыков экспертизы в научном стиле учащихся, а также особенности прагмалингвистического и прагмастилистического анализа в преподавании казахского языка в практике Назарбаев Интеллектуальных школ. На конкретных примерах проанализированы учебные задания, ориентирующие дескрипторы на характеристики и требования их выполнения, анализируемые обучающимися в зависимости от конечной идейной основы контекста, с подбором эффективной информации, подтверждающей тип стиля, определяющей целевое использование контекста и предполагающей его восприятие и понимание читателем, влияние на характер ощущений, пример анализа учащегося как результата работы. Проводимая в данном направлении исследовательская работа и ее результаты дифференцируются, шаги по обоснованию метода проектирования в разработке комплекса учебно-методических пособий и особенностей применяемых в процессе обучения учебных кейсов, направленность учащихся на постановку цели и деятельностные шаги в процессе ее выполнения, содержание инструкций и листов

самооценки и взаимооценивания систематизируют обучение как методология организации, направленная на результат. Кроме того, на уроках казахского языка для поддержки собственной мысли учащегося была продемонстрирована значимость в составлении предлагаемых учебных заданий и учебных заданий творческой направленности по совершенствованию навыков правописания и извлечения информации из текстов разных жанров, оцениваются показатели эффективности тетрадей учащихся, дифференцированы результаты анкетирования. По результатам практической исследовательской работы были выработаны рекомендации, дана оценка эффективности практики интегрированного применения систематических обучающих кейсов в сочетании с методами проектирования и «моделирования», «мысленного опыта», «описания», методами «скаффолдинга», взаимной преемственности для повышения языковой компетентности учащихся в ориентированном на результат обучении уроку казахского языка. Вместе с тем в ходе исследования было установлено, что предложенные учебные задания способствуют систематическому развитию у учащихся навыков критического мышления, анализа и аргументации. Применяемые методы позволяют учащемуся применять языковые знания в конкретных коммуникативных ситуациях, усиливают связь учебного процесса с жизнью. Результаты исследования доказывают, что представленная методическая система является эффективной практикой, направленной на повышение функциональной грамотности на уроках казахского языка.

Ключевые слова: стиль, жанр, построение модели, исследовательско-проектные навыки, развитие.

G.B. Saganayeva, B.K. Isina

Learning Cases to Improve Language Competence: Integrated Application by Design Method

This article aims to improve the culture of oral and written languages, improve language competence, develop research and design skills, develop models of texts of different styles and genres in the Kazakh language lesson through applied exercises created on the basis of integrating learning cases with the design method. Ways to demonstrate the features of pragmalinguistic, pragmatilistic analysis in teaching the Kazakh language in the practice of Nazarbayev Intellectual Schools, which considered ways of mastering lexical, spelling, morphological, grammatical, stylistic, punctuation norms of the literary language through a competent analysis of linguistic aspects, with a deep understanding of the meaning of the language units used in improving the skills of expert examination in a scientific style. Learning tasks that students reveal in connection with the ultimate ideological basis of the context, selecting effective information that proves the type of style, determining their intended use and including their perception, understanding and perception as a reader, influence on the nature of feelings, descriptors that guide the characteristics and requirements of its implementation, a sample of student's analysis as a result of work are analyzed using specific examples. The research work carried out in this direction and its results are differentiated, the features of the teaching cases used in the course of training and the steps to take the design method as a basis in the development of a set of teaching aids, the orientation of students to the goal setting and the action steps in its implementation, the content of instructions and self-assessment and mutual assessment sheets give a In addition, in the Kazakh language lesson, to support the student's thoughts, the importance of the proposed educational tasks to improve the skills of writing in a new genre, receiving information from texts of various genres, and the importance of compiling educational tasks of a creative direction is shown, the effectiveness of student notebooks is evaluated, and the results of the survey are differentiated. Based on the results of the research work in action, recommendations were made and an assessment of the effectiveness of the practice of integrated use of systematic learning cases in combination with the design of various methods and methods of «modeling», «mental experience», «description», «scaffolding» methods to increase the language competence of students in the teaching of the Kazakh language based on the results was given. At the same time, in the course of the study, it was found that the proposed educational tasks contribute to the systematic development of students' abilities for critical thinking, analysis and argumentation. The applied methods allow the student to use their language knowledge in real communicative situations and strengthen the connection of the educational process with life. The results of the study prove that the proposed methodological system is an effective practice aimed at improving functional literacy in the Kazakh language lesson.

Keywords: style, genre, model design, research and design skills, development.

References

- 1 Kun, Y., & Hongchang, Y. (2020). Research on the Integration of Artificial Intelligence and Education. *Education Reform and Development*, 2(2). DOI: 10.26689/ERD.V2I2.2062
- 2 (2021). «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU. *Bilim beru bagdarlamasy — NIS-Programme. «Qazaq tili men adebiyeti» (T1) paninin oqu zhospary. Negizgi mektep (10-synyp). — Nusqa 2.1* [Educational program — NIS-Programme. Curriculum for the subject “Kazakh language and literature” (L1). Secondary school (Grade 10). — Version 2.1]. Nur-Sultan: “Nazarbayev Ziatkerlik mektepteri” DBBU [in Kazakh].

- 3 Bitibaeva, K. (2012). *Adebietti oqytudyn innovatsiialyq adistemesi men tekhnologiiasy* [Innovative methodology and technology of teaching literature]. Astana: Daryn [in Kazakh].
- 4 (2019). «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU. *Bilim beru bagdarlamasy — NIS-Programme. «Qazaq tili» (T1) pani boiynsha oqu bagdarlamasy. Negizgi mektep (6–10 synypтар)* [Educational program — NIS-Programme. Subject programme for “Kazakh language” (L1). Secondary school (Grades 6–10)]. Nur-Sultan: “Nazarbayev Ziatkerlik Mektepteri” DBBU [in Kazakh].
- 5 Bakhisheva, S.M. (2020). *Pedagogikalyq zhalalau: teoriiasy men tekhnologiiasy* [Pedagogical design: theory and technology]. *rmebrk.kz*. Retrieved from <http://rmebrk.kz/bilim/association/bahisheva-ped-jobalau.pdf> [in Kazakh].
- 6 Diui, Dzh. (2000). *Demokratiia i obrazovanie* [Democracy and education]. Moscow: Pedagogika [in Russian].
- 7 Hamilton, L., & Corbett-Whittier, C. (2013). *Using Case Study in Education Research*. London: SAGE Publications.
- 8 Naumova, A.I. (2014). *Keis-metod v sovremennom obrazovanii* [Case method in modern education]. Moscow: Akademiia [in Russian].
- 9 Isina, B.K., & Saganaeva, G.B. (2021). *Qazaq tili sabagynda matin taldau dagdylaryn damytu* [Development of text analysis skills in Kazakh language lessons]. *Pedagogika zhane psikhologiya — Pedagogy and Psychology*, 3, 112–118 [in Kazakh].
- 10 Kerimbaeva, M.S. (2017). *Keis tekhnologiiasyn qoldanudyn tiimdi zholdary* [Effective ways of using case technology]. *Bilim beru zhuiesi — Education System*, 4, 45–49 [in Kazakh].
- 11 Koilyk, N.O., & Kaupenbayeva, S.M. (2020). *Oqu urdisinde problemalyq oqytudy qoldanudyn tiimdiligi: adistemelik nusqaulyq* [Effectiveness of using problem-based learning in the educational process: a methodological guide]. *engime.org*. Retrieved from http://engime.org/pars_docs/refs/103/102105/102105.pdf [in Kazakh].
- 12 Khanaliev, K.A. (2020). *Refleksivti oilau — pedagogyn kasibi quzyrettiligin arttyru kepili* [Reflexive thinking — a guarantee of increasing the professional competence of a teacher]. *bilimainasy.kz*. Retrieved from <https://bilimainasy.kz/%D1%80%D0%B5%D1%84%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1/> [in Kazakh].
- 13 Agustina, L., & Ro'isatin, U.A. (2024). The efficacy of case-based learning model integrated with critical thinking skills to improve EFL learners' reading comprehension. *Journal of Languages and Language Teaching*, 12 (3), 1443–1454. DOI: 10.33394/jollt.v12i3.11619
- 14 Dharmayanti Putu, A.P. (2022). *Case-Based Learning in Language Teaching*. *e-journal.unmas.ac.id*. Retrieved from <https://e-journal.unmas.ac.id/index.php/joselt/article/view/3439>
- 15 Rika, I. (2023). *Experts' Views on Integrating Contextual Case-Based Learning Method into English Writing Textbook*. *journals.bilpubgroup.com*. Retrieved from <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/8973>
- 16 Siregar, M., Husein, R., & Putra, S.K. (2023). *Development of a case method learning model to hone students' translation competence in language teaching courses*. *ejournal.unib.ac.id*. Retrieved from <https://ejournal.unib.ac.id/index.php/joall/article/view/30619>
- 17 Silitubun, E., Mustaji, M., & Dewi, U. (2023). *The Effectiveness of Case-Based Learning in Enhancing Students' Critical Thinking Skills*. *jneonatalurg.com*. Retrieved from <https://www.jneonatalurg.com/index.php/jns/article/view/1844>
- 18 Author/Org. (2023). *Exploring Perceptions of the Case-Based Learning Model for Extensive Reading Instruction*. *journals.bilpubgroup.com*. Retrieved from <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/8988>
- 19 Author/Org. (2018). *Case Method as Means of Forming Intercultural Competence in Teaching Foreign Languages*. *europenproceedings.com*. Retrieved from <https://www.europenproceedings.com/article/10.15405/epsbs.2018.09.106>
- 20 Author/Org. (2023). *The Effectiveness of Case-Based Learning to Improve Collaboration and Communication Skills of Students*. *obsesi.or.id*. Retrieved from <https://obsesi.or.id/index.php/obsesi/article/download/6233/pdf/27553>
- 21 Otarbaeva, G.N. (2018). *Matin zhane interpretatsiia: kozqarastar men kontseptsiiar* [Text and interpretation: views and concepts]. *Qazaq Ul'tyq Universiteti Khabarshysy. Filologiya seriiasy — Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 4 (172). Retrieved from https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/06/vestnik-kaznu.-seriya-filologicheskaya_2018-172-4.pdf [in Kazakh].
- 22 Getman, V.V. (2013). *Interpretatsiia khudozhestvennogo proizvedeniia kak mezhdnauchnaia problema* [Interpretation of a work of art as an interdisciplinary problem]. In Editor (Ed.), *V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniia i kulturologii — In the world of science and art: issues of philology, art history and cultural studies*. Novosibirsk: SibAK [in Russian].
- 23 (2022). *Kriterialdy bagaladyn modeli* [Model of criteria-based assessment]. Nur-Sultan: «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU [in Kazakh].
- 24 Getman, V.V. (2013). *Interpretatsiia teksta kak kognitivnyi protsess* [Text interpretation as a cognitive process]. *Vestnik filologii — Bulletin of Philology*, 2, 38–42 [in Russian].
- 25 Tilepbergenov, B. (2014). *Qazaq tilin oqytu adistemesi* [Methodology of teaching the Kazakh language]. Almaty: Rauan [in Kazakh].

Information about the authors

Saganayeva, Gulnur Beissembayevna — Candidate of Philological Sciences, Shakarim University, Semey, Kazakhstan. E-mail: gulnursaganaeva@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1538-5348>

Isina, Bakytzhan Kapanovna — Teacher of Kazakh Language and Literature, Nazarbayev Intellectual School of chemistry and biology, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: Isina_B@krg.nis.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5526-0817>